

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 205 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 қыркүйек N 205б

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 ақпандағы N 205 P020205_ қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулының 4-қосымшасына:

5-тармақ "қазақтарды" деген сөзден кейін: ", соның ішінде Түркістан ауылының тұрғындарын" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың кестесіндегі 1-жолда 5 және 6-бағандар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қытайдан және жақын шет елдерден, соның ішінде Түркістан ауылынан қоныс а у д а р у " ;

"2002 жыл қыркүйек - желтоқсан";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 2002 жылы

келген оралмандар отбасыларының саны - 2655, соның ішінде Түркістан ауылынан келген отбасылар саны - 117, өз бетімен келгендер - 2538; өз бетімен келгендердің көлік шығындарын өтеу; 2002 жылғы көшіп келу квотасы бойынша келгендерге біржолғы жәрдемақы төлеуді қамтамасыз ету; Түркістан ауылынан келгендерге тұрғын үй сатып алу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК